



ПРИОЗЕРСКИЙ

№16/504

21 апреля 2017 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

АРДАГЕРЛЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қалалық ардагерлер кеңесіне 30 жыл

Өткен жолдарында өмірдің ыстық-суығын бір кісідей көрген, алды Ұлы Отан соғысының майдан даласында неміс-фашист басқыншыларымен болған қанды қырғынға қатысып, елін азат етуге, Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосқан, біразы бала шағынан тылда еңбек етіп, соғыстан соңғы қираған халық шаруашылығын

Ж.Шүкірбекова т.б. жандардың еселі еңбектерін атап өтуге болады. Ардагерлеріміз қаланың қоғамдық, мәдени-көпшілік өміріне де белсене араласып, өскелең ұрпаққа өздерінің өнеге, ғибраттарын танытып жүргеніне тәнті боласын. Осынау ардагерлердің басын біріктіріп, олардың ұлағаты мен тағылым-тәрбиесін ұрпаққа насихаттап жүрген қалалық ардагерлер кеңесіне бүгінде 30 жыл толыпты.

Камзин ардагерлер кеңесінің өткен тарихы, оның қоғам өміріндегі атқарып жүрген маңызды қызметі мен ролі, ардагер ата-әжелеріміздің мемлекетіміз бен қаламыздың өсіп-өркендеуіне қосып жүрген елеулі еңбектері жайында баяндап, ізгі ниеті мен игі тілегін білдірді.



Әкім құттықтауынан соң марапаттау рәсіміне кезек берілді. Приозерск қаласы әкімінің «Құрмет грамотасымен» ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарасық Қармысова, Мария Гавриловна Мадэко және Алтынбек Ақылбайұлы Қасымовтар марапатталды. Қала әкімінің «Алғыс хаты» төмендегі ардагерлерге табыс етілді: Хырмызы Хамитқызы Айдарбекова, Теміркенже Қосыбаев, Мастура Шариповна Мырзахметова, Жексенгүл Ағаділкызы Бұлтбаева, Алла Александровна Романчук. Үстіміздегі жылы сексеннің сегізін бағындырып отырған Тамара Львовна Абрамова, Лонгина Ивановна Бессонова, Лидия Ивановна Демиденко және Мария Ивановна Штефантар қала әкімінің бағалы сыйлықтарына ие болды. Сондай-ақ ардагерлер кеңесінің мерейтоймен қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұхсинұлы Сәрсембеков құттықады. Құттықтау сөзбен мінберге көтерілген ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарасық Қармысқызы әріптестерін мерейтоймен құттықтап, жыр жолдарын жолдады. Бұдан әрі Қарағанды облысы ардагерлер ұйымы Республикалық қоғамдық

күшімен ұйымдастырылған мерекелік концертке ұласты. Концерт шымылдығын республикалық өнер байқауларының бірнеше дүркін жеңімпазы, «Достық» орталығының Перизат Нұршаеваның жетекшілігіндегі «Жұлдыз» би тобы «Ерке сұлқым» биімен ашты. Ардагерлерден құралған «Алтын күз» фольклорлық тобы «Қазақстан», «Туған жер» әндерін орындаса, осы топ мүшелері Алла Романчук «Черемуха», Тамара Шүйіншинова «Кешікпей келем деп ен», Жеңісгүл Бұлтбаева «Сағым жылдар» әндерімен және Малика Ачилова «Өзбек биімен» көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ішкі істер қызметінен зейнетке шыққан ардагерлер «Армандастар» әнін нәшіне келтіре шықсады. Сондай-ақ Балқаш қаласынан құрметті қонақ ретінде қатысқан өнерпаздар Асхат Игембеков «Как молоды мы были», «Мама», Әниаш Шәрбекова «Аққұм» және «Қайықта» әндерінен тарту жасады. «Достық» орталығының «Жас қаламгер» тобы «Бабушки-старушки» әзіл-сықақ қойылымын



қалпына келтіруге қол ұшын берген, әлі күнге қатардан қалмай, еңбекте тер төгіп жүрген ардагерлерді құрмет тұтып, ардақтау бүгінгі ұрпақтың парызы һәм қарызы болып табылады. Ардагер атауы – құрметті, ардақты, қадірлі адам деген мағынаға ие этикалық ұғым. «Еңбек ерлікке бастайды» демекші, ел қамын ойлап, намысын қорғаған, елі үшін елеулі еңбек сіңірген абыройлы жандарды халық ардагері деп жоғары бағалайды. Жыл санап отты жылдарды бастан кешкен ата-әжелеріміздің қатары кеміп, олардың орнын тыл және еңбек ардагерлері басуда. Зейнеткерлік демалысқа шықса да еңбек майданының сапынан қалмай, халыққа қызмет етіп жүрген қарияларымыз әлі де баршылық. Олардың қатарында Ш.Таирова, Т.Джалханова, З.Эралиева, А.Ахметжанова,



әжелді. Соның бірі ардагерлер кеңесінің жанынан өнерден хабары бар жандардың басын біріктірген, көркемдік жетекшісі Сүлеймен Жолдыбаев болып табылатын «Алтын күз» фольклорлық тобын құрғандығы. Бұл топ бүгінгі таңда қаланың мәдени-көпшілік, мәдени шараларында өз өнерлерін паш етіп, тұрғындардың ыстық ықыласына бөленіп жүр.

Сәуірдің 14-жұлдызы күні қалалық «Достық» орталығында ардагерлер кеңесінің 30 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын болып өтті. Мерейтойлық шараға ардагерлерден өзге қаладағы мекемелер, мектептер мен балабақшалар, кәсіпорындар мен ұйымдар өкілдері, қала қонақтары қатысты. Құттықтау сөзге шыққан қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы



бірлестігі төрағасының «Құрмет грамотасын» Светлана Григорьевна Кузинаға, «Алғыс хатын» Таук Досжанқызы Шүйіншиноваға табыс етті. Қала әкімі ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарасық Қармысоваға биылғы жазда өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысу билетін сыйға тартты.

Салтанатты жиын ардагер өнерпаздардың сахнаға шығарды. Салтанатты жиыннан тек ардагерлер ғана емес, барша қатысушылар көтеріңкі көңілмен тарады.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ.
Суретте: салтанатты жиыннан көріністер



Л.С.Корнеева, У.Базарқанова, П.С.Дегтяров, Қ.Көшербаев, Т.Әшнараров, З.Шарашорина, А.Келешова, Р.Квинтаридзе, Г.Нұрашова және

АРДАГЕРЛЕР – АҚЫЛМАНДАР

Ардагерлер – ардақты ақылмандар, Төрімізде төбе боп отырғандар. Өмір сүріп өтінде замананың, Ғибратты кітап боп оқылғандар.

Ардагерлер – ардақты ақылмандар, Қиындықтан қайтпаған батыл жандар. Қырық бірде қаймықпай жауға шауып, Өр кеудеден оқ болып атылғандар.

Тауқыметін тірліктің көп көргендер, Бір басынан сан зауал өткергендер.

Елім, жерім, Отаным, ұрпағым деп, Мамыражай заманға жеткергендер.

Салт-дәстүрін бабамның сақтағандар, Ана сүтін адал ғып ақтағандар. Маңдай терін есепсіз сормағандар, Еңбектерін ешқашан сапалағандар.

Көтерелік қарттардың көңілдерін, Басында – Ай, орнасын төріңде Күн. Ардагерді ағайын, ардақтайық, Үлгі тұтқан ұрпағы өмірлерін.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру

КӨШТЕН КҮТКЕН ЕЛ МҰРАТЫ

Елбасының «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы еліміздің барлық аймақтарында қызу талқылануда. Президент бұған дейін елімізде саяси және экономикалық жаңғыру туралы айтып келгенін білеміз. Бүгінгі таңда аталмыш екі жаңғыруды рухани жаңғы-

румен сабақтастыру керектігін жария етті. Саяси жаңғыру да, рухани жаңғыру да қоғамда озық ойлы азаматтың көп болуын талап етеді. Міне, осындай ұрпақ болмаса, ешқандай жаңғырудың жүзеге асуы мүмкін емес. Әсіресе рухани жаңғыруда халықтың, жалпы ұлттың қасанданып қалған сана-сезімі, ой-өрісі,

түсінік-талғамы түбірінен өзгеруі және атабабадан қалған асыл мұраға қайта айналып келуі керек. Біздің айтып отырған мақалада Елбасы осы туралы айтып отыр. Бұл дер кезінде шыққан, әрі бізді нақты жұмыстарға жұмылдыратын мақала деп ойлаймын.

Аталған мақалада Елбасы жиырма бірінші ғасырдағы ұлттық сананы жаңғыртудың басты бағыттарын атап көрсетумен қатар, жақын уақытта атқарылатын басты міндеттерге тоқталған болатын. Мақалада әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртып, ұлттық болмысын бірегейлендіру үшін қажетті алғышарттар

көрсетілген. Олардың қатарында бәсекелестік қабілет, ұмтылыс, ұлттық бірлік пен бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы секілді адамға тән құндылықтар бар. Мақаланың екінші бөлімінде таяу жылдарда атқарылуға тиіс біршама міндеттер көрсетілген. Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы, «Туған жер» бағдарламасы, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» және

(соңы 3 бет.)

**ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА**

Приозерск қаласы әкімінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/71 қаулысы «Приозерский вестник» газетінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 15/503 санында жарияланған мәтіні толық жазылмағанына байланысты қаулыны «Приозерский вестник» газетінің келесі санынан оқуларыңызды сұраймыз.

“2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА КВОТА БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ”

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/71 қаулысы
Қарағанды облысы Әділет департаментінде
2017 жылдың 07 сәуірінде № 4204 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін 1 қосымшаға сәйкес;

2) бас бостандығын айыру орындарынан босатылған адамдар үшін 2 қосымшаға сәйкес;

3) ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін 3 қосымшаға сәйкес.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск қаласы әкімінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/70 қаулысы «Приозерский вестник» газетінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 15/503 санында жарияланған мәтіні толық жазылмағанына байланысты қаулыны «Приозерский вестник» газетінің келесі санынан оқуларыңызды сұраймыз.

“2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ”

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/70 қаулысы
Қарағанды облысы Әділет департаментінде
2017 жылдың 07 сәуірінде № 4203 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда қызметкерлердің тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2%-дан 4%-ға дейінгі көлемде жұмыс орындары квотасы белгіленсін.

2. Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 45/1 «Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 5 желтоқсанында № 4033 тіркелген, 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 57/481 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ Қ.А.КАМЗИННІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 10 АҚПАНДАҒЫ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІНДЕ ЖӘШІК АРҚЫЛЫ ТҮСКЕН ЕСКЕРТНЕЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР БОЙЫНША, ТҮСІНДІРМЕ АҚПАРАТ

Жәшік арқылы түскен ұсыныстар:

1. -Абай көшесі 17/3 үйінің кіреберістерінде жарықтың жоқтығы?

2. -Абай көшесі 17/3 үйінің кіреберістерінің антисанитарлық жағдайы туралы. Ай сайын төленетін (квартплата) 1200 тенге қандай мақсаттарға жұмсалады?

Жауап 1-ұсыныс.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 50 б. 1 т. сәйкес - үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға қатысуға міндетті.

2017 жылдың 1 маусымынан бастап, тұрғын үйлерге қызмет көрсету «ТҮҚҚБ» КМК-нен алынып, бәсекелестік ортаға (жекеменшік ұйымдарға, ЖК, ЖШС) беру жоспарлануда.

Осыған байланысты Сіздерден тұрып жатқан үйлеріңізге, кіреберістерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге және ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға қатысуларыңызды сұраймыз.

Жауап 2-ұсыныс. Тұрғын-үйлерді күтіп ұстау шығындарына келесідей жұмыстар кіреді:

-Инженерлік құрылымдарды күтіп ұстау (жылу, су және кәріз жүйелері);

-Тұрғын үйлерге қызмет көрсету учаскесінің қызметкерлерінің жалақысы;

-Электр щиттарына қызмет көрсету;

-Жертелені коқыстан тазалау;

-Үй шатырларын ағымдағы жөндеуден өткізу.

«Приозерск к. ТКШ, ЖК, АЖ және ТИ бөлімі» ММ,
КМК «ТҮҚҚБ»

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

В связи с неточностью, допущенной при публикации текста Постановления акима города Приозерск Карагандинской области от 16 марта 2017 года № 11/71 в газете «Приозерский вестник» от 14 апреля 2017 года № 15/503, просим данное постановление читать в следующей редакции:

“ОБ УСТАНОВЛЕНИИ КВОТЫ РАБОЧИХ МЕСТ НА 2017 ГОД”

Постановление акима города Приозерск Карагандинской области от 16 марта 2017 года № 11/71
Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области
07 апреля 2017 года за № 4204

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 6 апреля 2016 года «О занятости населения», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Организациям независимо от организационно-правовой формы и формы собственности установить квоту рабочих мест на 2017 год:

1) для лиц, состоящих на учете службы пробации уголовно-исполнительной инспекции, согласно приложению 1;

2) для лиц, освобожденных из мест лишения свободы, согласно приложению 2;

3) для граждан из числа молодежи, потерявших или оставшихся до наступления совершеннолетия без попечения родителей, являющихся выпускниками организаций образования, согласно приложению 3.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Казиеву Б.А.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

В связи с неточностью, допущенной при публикации текста Постановления акима города Приозерск Карагандинской области от 16 марта 2017 года № 11/70 в газете «Приозерский вестник» от 14 апреля 2017 года № 15/503, просим данное постановление читать в следующей редакции.

“ОБ УСТАНОВЛЕНИИ КВОТЫ РАБОЧИХ МЕСТ ДЛЯ ТРУДОУСТРОЙСТВА ИНВАЛИДОВ НА 2017 ГОД”

Постановление акима города Приозерск Карагандинской области от 16 марта 2017 года № 11/70
Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области
07 апреля 2017 года за № 4203

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 6 апреля 2016 года «О занятости населения», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Для организаций независимо от организационно-правовой формы и формы собственности в процентном выражении от списочной численности работников установить квоту рабочих мест для инвалидов в размере от 2% до 4% согласно приложению.

2. Признать утратившим силу постановление акимата города Приозерск от 21 ноября 2016 года № 45/1 «Об установлении квоты рабочих мест для трудоустройства инвалидов» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 5 декабря 2016 года № 4033, опубликованное в газете «Приозерский вестник» от 23 декабря 2016 года № 51/487).

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Казиеву Б.А.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

ИНФОРМАЦИЯ ПО РАЗЪЯСНЕНИЮ ВОПРОСОВ, ПОСТУПИВШИХ ВО ВРЕМЯ ОТЧЕТНОЙ ВСТРЕЧИ ПЕРЕД НАСЕЛЕНИЕМ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК К.А.КАМЗИНА 10.02.2017 ГОДА

Предложения, поступившие через ящик.

- 1 предложение. Об освещении перед входами подъезды в дома 17/3 по улице Абая.

- 2 предложение. О антисанитарном состоянии пред подъездами дома 17/3 по улице Абая и какие услуги входят в эксплуатационные расходы по содержанию жилого дома?

Ответ-1.

Согласно п.1 ст.50 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях» - собственники помещений (квартир) обязаны участвовать в расходах на содержание общего имущества объекта кондоминиума.

С 1 июня 2017 года обслуживание домов планируется передать из обслуживания КГП «УЖКР» в конкурентную среду (ИП, ТОО, частным организациям).

Ответ-2.

В связи, с чем просим Вас участвовать в расходах на содержание общего имущества, ремонта подъездов, домов в которых проживаете.

К эксплуатационным расходам по содержанию жилого дома относятся следующие работы и услуги:

- Обслуживание инженерных сетей теплоснабжения, водоснабжения и канализации;

- Заработная плата работников жилищно - эксплуатационного участка;

- Содержание электрощитовых приборов в подъездах;

- Очистка подвала от мусора;

- Текущие ремонтные работы кровли.

ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ г. Приозерск»,
КГП «УЖКР»



...Өз тіліңді құрметте!

ТІЛ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ҰРПАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Зымырандай зулап ағып жатқан уақыттың кейпіне назар салып отырсақ, осы кезең ішінде еліміз бен әлемде қаншама өзгерістер мен жаңалықтардың болып өткеніне көз жеткіземіз. Қазақ жұртшылығының болашақ ұрпақтар еншісіне саф күйінде жеткізілуге тиіс ұлттық құндылықтарымыздың бірі және бірегейі саналатын «Тіл туралы Заңның» қабылданғанына да жиырма жылдың жүзі болыпты-ау!.. Сонда тіл мәселесі замана мінберінен нәліктен түспей келеді? Көрші өзбек елінде бұл мәселеге қатысты бір ауыз сөз жоқ қазір. Оларда бұл күн тәртібінен түсіп қалғаны қашан. Мемлекеттік тілдің көсегесін көгерту үшін мемлекет тарапынан қомақты қаражат қарастырылып, қаншама шаралар қабылданғанын білеміз. Сонда да неге бұл мәселе мәресіне жетпей қойды? Негізі бұны басынан бастауға тиіспіз. Мейлі ол қай ұлт өкілі немесе құзыретті орын иесі болсын, тілді білуге мұқтаждығын тудыру қажет. Мемлекеттік қызметкерлердің басым бөлігі (көбісі қазақтар) тілді үйрену түгілі, оған көңіл де бөлмейтінін байқаймын. Осындай әрекет болмай, орынды берекет болмайтыны анық. 20 жыл ішінде бұған көзіміз жетті ғой!.. Жалпы мен өз басым болашақта ана тіліміздің төрге шығарына бек сенемін. Уақыт өтеді, заман жалғасады, ұрпақтарымыз өседі. Сол Тәуелсіздіктің ұрпақтары – бүгінгі кеңес заманынан сарқыншақ болып қалған кертартпалардың орнын басады. Біздің бүгінгі өскелең ұл-қыздарымызды Отаншыл, ұлтжанды, ұлттық құндылықтарын шексіз сүйетін рухты азаматтар етіп өсіретін жол, ол – мектеп пен ұстаздар қауымы екені даусыз...

Тіл қай елде, қай ұлтта болмасын қадірлі де, құдіретті. Ұлттың болмысын, ұлылығын, кісілік келбетін, биік парасатын танытуда тілден артық күш жоқ. ҚР «Тілдер туралы» Заңында «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген. Тіл – ойдың тікелей шыңдығы, тіл – барша білімдердің қазынасы. Тілдің көмегімен өнер-білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткен тарихымызды саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды менгереміз, өзіміз танып қоймай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз. Әлемді танымыз. Сондықтан да адам баласының байлығының бірі – сөз өнері. «Өнер алды – қызыл тіл» деген аталы сөздің астарында қаншама сыр бар?!.. Әрбір елдің қуатты күші, байлық – бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен, құндылығымен айқындалады. Ал, мәдени өре, рухани талғам деген халықтың ақыл-ойының көрінісі – тілге тәуелді екені белгілі. Атадан балаға жеткен

ұлы құбылыс ретінде тіліміз талай сыннан сүрінбей өтті, дүние жүзіндегі ең бай, бейнелі, өткір, таза, терең, күшті, кең тіл – ана тілімізден артық халқымыз үшін қасиетті ештеңе болмаған. Себебі, тіл – тарихымыз, тіл – мәдениетіміз, тіл – әдебиетіміз. Тауып айтылған бір ауыз сөзге бір қауым ел тоқтаған. Бұл – халықтың тіл өнеріне деген ыстық сүйіспеншілігінің белгісі. Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санаған.

Тәуелсіз еліміздің керегесі кең, шаңырағы биік болып, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдеріне қосылу үшін білімді, ғылымды дамытуымыз қажет. Болашақ ұрпақтарымыз әлемдік білім деңгейінде де өзге елдермен терезесі тең, бәсекелестік дәрежеге жетуі керек. Бұл тұрғыдан зерделер болсақ, көрген А.Байтұрсынов: «Білімсіз халық қанша бай болса да, байлығы басқа халықтың қолына көшеді» деп біліктілікпен айтып кеткен. Білім арқылы адам өзінің дүниетанымдық ауқымын кеңейтіп толықтырады. Оның үстіне білімді күнделікті қолдана білмесе, ол ештеңеге жарамсыз бос дүние болып шығады. Нағыз шынайы білім әр адамның еңбегін жеңілдетеді, өміріне пайда келтіреді. Ал, білімнің пайдасы күнделікті өмірде қолданылып, тәжірибеде сыналып, өмірде іске асқанда ғана оның пайдалы екендігіне баланың да, мұғалімнің де көзі жетіп, көңілі тояды. Сондықтан әрбір баланың бүгінгі мектеп қабырғасында алған білімі оның ертеңгі өмірінің азығы, рухани және материалдық байлығының негізгі көзі екендігіне сендіре білу – мұғалімнің басты міндеті. Тіл саясатын жүзеге асыру ұстаздар қауымының, соның ішінде тіл мамандарының ең басты парызы, міндеті. Олай болса, бүгінгі білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға даярлау. Тәрбие – жан-жақты ұғым десек, сол тәрбиенің бастауы тілдің шұрайлысын баланың бойына халқымыздың сөз асылы – ауыз әдебиетінің бай үлгілерін: ертегі, мақал-мәтел, шешендік сөздерді дарыту арқылы сіңіре аламыз. Бұл тәрбие бала бесікте жатқанда айтылатын «Бесік жырынан» бастау алып, одан тәрбиеші, ұстаздар берген тәрбиемен, біліммен ұштасып жатса, өрине құба-құп. Аталмыш мәселеге ата-аналар да, қоғамдық ұйымдар өкілдері де – жалпы әрбір санасы сау, жүрегі елім деп соғатын азаматтар да үлес қосуға міндетті деп санаймын және соған үндеймін!..

Жолмұрат КЕҢЕСОВ,

«Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы

Тұрғындардың назарына

2017 жылы заңды және жеке тұлғалардың тракторларын және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік қарап-тексеруден өткізу кестесі.

р/с №	Ұйымның атауы немесе жеке тұлғаның А.Ж.Т.	Техникалық байқаудан өткізу орны және телефоны	Техникалық байқауды жүргізу уақыты және күні
1	2	3	5
1	"Гранд Құрылыс" ЖШС	Приозерск қ., Лесная к.10	17.05.17 ж. сағ. 10
2	ООО «Спектр»	Приозерск қ., БСА көшесі 32	20.05.17 ж. сағ. 10
3	«КТҮҚҚБ» КМК	Приозерск қ., Гаражды аумақ	10.10.17 ж. сағ. 10
4	Кенжеев А.Ж.	Приозерск қ., Балқаш көшесі 5	12.10.17 ж. сағ. 10
5	Марий Д.Ю.	Приозерск қ., Балқаш көшесі 5	16.10.17 ж. сағ. 10
6	Семякин И.Н.	Приозерск қ., Балқаш көшесі 5	18.10.17 ж. сағ. 10
7	Нарымбетов М.Е.	Приозерск қ., Балқаш көшесі 5	20.10.17 ж. сағ. 10
8	Бейсекеев Б.Ш.	Приозерск қ., Балқаш көшесі 5	25.10.17 ж. сағ. 10

Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі

Балалар кітабының халықаралық күні

КІТАП АПТАЛЫҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Биылғы көктемгі мерекелердің бірі 2 сәуір - бүкіл әлем балаларының ең сүйіктісі, Дания елінің ертегішісі Г.Х.Андерсеннің туған күні және Балалар кітабының Халықаралық күні. «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалар бөлімі бұл мерекеден тыс қалмады. 3-8 сәуір аралығында балалар кітапханасында кітап апталығы ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға қаламыздағы екі мектептің оқушылары қатысты.

Апталықтың мақсаты: балаларды кітапханаға тарту, қызықтыру, кітап оқуға құмарлы-

ғын, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой өрісі дамуын, рухани байлығын, шығармашылық қабілетін арттыру.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Кітап білімімізді молайтады, кітаптан көп үлгі-өнеге мен тәрбие аламыз. Дана халқымыз «Батыр бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек. Апталықтың әрбір күні белгілі бір тақырыпқа арналған.

Апта бойы созылған шара аясында «Кітап деген ғажайып әлем» атты танымдық сағат, «Балалар кітаптары» кітап көрмесі, «Кітап өмірлік серігің» тақырыбында дөңгелек үстел, «Болашаққа кітаппен» атты тәрбие сағаты, «Сіңірлі шеберхана. Ертегі галереясы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Бұл шаралар кітап оқудың терең ойларға бастайтынын және бір ерекшелігі – рухани әлемімізді байытып, ақиқатты тануға жетелейтіндігін балалардың санасына тиістісінше жеткізді деген ойдамыз.

Б. Алшынбекұлы



К сведению населения!

ЕДИННЫЕ ДОКУМЕНТЫ В ОБЛАСТИ КАРАНТИНА РАСТЕНИЙ

«Приозерская городская территориальная инспекция КГИ В АПК МСХ РК» сообщает об утверждении Советом Евразийской экономической комиссии единых документов Евразийского экономического союза в области карантина растений, которые вступают в силу с 1 июля 2017 года:

Единых карантинных фитосанитарных требований, предъявляемых к подкарантинной продукции и подкарантинным объектам на таможенной границе и на таможенной территории Евразийского экономического союза (Решение Совета ЕЭК №157 от 30.11.2016г.).

Единого перечня карантинных объектов Евразийского экономического союза (Решение Совета ЕЭК №158 от 30.11.2016г.).

Единых правил и норм обеспечения карантина растений на таможенной территории Евразийского экономического союза (Решение Совета ЕЭК №159 от 30.11.2016г.).

Порядка взаимодействия уполномоченных органов государств-членов Евразийского экономического союза при введении временных санитарных, ветеринарно-санитарных и карантинных фитосанитарных мер (Решение

Совета ЕЭК №149 от 16.05.2016г.).

Также, Решением Совета ЕЭК от 21 декабря 2016 года №154 внесены изменения в Перечень подкарантинной продукции, подлежащей карантинному фитосанитарному контролю (надзору) на таможенной границе Евразийского экономического союза и таможенной территории Евразийского экономического союза.

Указанные документы размещены на официальном сайте Евразийской экономической комиссии (<https://docs.eaunion.org/ru/Pages/AllDocuments.aspx>), в разделе: Вид документов – Акты Евразийской экономической комиссии – Совет экономической комиссии – Решения – 2016 год (соответственно).

Всю необходимую информацию можно получить по адресу: г.Приозерск, ул.Пушкина 9/2, 2 этаж, Приозерская городская территориальная инспекция, или по телефону: 8-710-39-5-40-06.

Кусаинова З.Т.,

гл.специалист – государственный инспектор по карантину растений Приозерской ГТИ КГИ в АПК МСХ РК

ДЛЯ ЧЕГО НУЖНА ВАКЦИНАЦИЯ?

Инфекции испокон веков уносили множество человеческих жизней, и люди вынуждены были искать различные способы борьбы с ними. На сегодняшний день наиболее мощным и эффективным методом борьбы с инфекциями является вакцинация.

Вакцинация (прививка) — введение антигенного материала с целью вызвать иммунитет к болезни, который предотвратит заражение или ослабит его отрицательные последствия. Вакцинация - самый надежный способ защиты детей и всего населения от целого ряда инфекций.

Ежегодно от инфекций, которые можно предупредить при помощи вакцинации, умирают или становятся инвалидами сотни тысяч людей.

Уважаемые родители! Помните! Здоровье Вашего ребенка в Ваших руках! Помогите Вашему ребенку своевременно получить прививки и вырасти здоровым гражданином нашей страны.

Приозерское городское управление защиты прав потребителей

КӨШТЕН КҮТКЕН ЕЛ МҰРАТЫ

(соңы басы 1 бет.)

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобаларын жүзеге асыру міндеті қойылған. 2017-жылдың соңына дейін қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасау қажеттігі айтылған. Жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұратын болады.

Президент мақалада жаңа гуманитарлық білім жобасына тоқталған. Бұл үшін қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударылады. Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бю-

росын құруды тапсырды. Ол 2017-жылдың жазынан бастап тиісті жұмыстарға кіріспек. Мемлекет басшысы патриоттық жұмысты күшейту үшін «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» ұлттық жобасы қолға алынады. Сонымен қатар, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы қазіргі заманның батырларына баса назар аударуға бағытталады. Аталған оймақсаттар халқымыздың көптен күткен маңызды да, түйткілді, ұлт мұраты үшін аса құнды мәселе болған еді.

Н.ӨТЕПТЕГІ



ВАША ПОЛИКЛИНИКА – ЭТО «ВХОДНЫЕ ВОРОТА» В ОСМС! ПРАВИЛА ПРИКРЕПЛЕНИЯ»

Поликлиника – это медицинская организация, которая оказывает первичную медицинскую помощь. Какие услуги пациент может получить в поликлинике?

Это приемы ВОП, участковых врачей и узких специалистов, обследование, получение лечения и процедуры, медицинские осмотры, лекарственное обеспечение патронаж детей и ведение беременных, вызовы врача на дом и направление на лечение в стационар через портал «Бюро госпитализации».

Поликлиника – это «входные ворота» для получения какой-либо медицинской помощи, поэтому так важно проверить, где Вы на самом деле прикреплены. Ведь нередко гражданин проживает в одном городе, районе, а зарегистрирован по другому адресу. В таких случаях могут возникнуть проблемы с медицинским обслуживанием.

Прикрепление граждан к организации первичной медико-санитарной помощи осуществляется по месту постоянного или временного проживания, работы, учебы, с учетом права свободного выбора врача, медицинской организации в пределах одной административно-территориальной единицы.

При выборе поликлиники для медицинского обслуживания не стоит забывать о территориальной близости ее расположения к вашему дому.

Близкое расположение поликлиники удобное Вам и Вашему участковому врачу. При вызове на дом он сможет Вас обслужить своевременно и качественно.

Как оформить и проверить прикрепление к поликлинике?

Итак, Вы выбрали поликлинику, как к ней прикрепиться? Это сделать очень просто. Вы можете пойти в поликлинику сами, обратиться в регистратуру, написать заявление в произвольной форме на имя главного врача поликлиники и предоставить удостоверение личности (паспорт, свидетельство о рождении, иной документ, выданный в соответствии с законодательством РК). Ваше прикрепление будет осуществлено в день поступления заявления.

Ваши данные заносятся в информационную систему «Регистр прикрепленного населения».

Второй способ прикрепления к поликлинике удобен для пользователей Интернета. Следует подать запрос через портал «электронное правительство» (egov.kz) в форме электронного документа с указанием данных гражданина. В поликлинике ответственный работник получает электронный запрос из соответствующих информационных систем и оформляет Ваш талон о прикреплении также в электронном виде.

К сведению населения!

Ваша поликлиника – это «входные ворота» в ОСМС!

Ваше прикрепление к поликлинике очень важно для участия в системе обязательного социального медицинского страхования (ОСМС). Ведь именно через поликлинику открывается доступ в систему здравоохранения, и в частности для будущих застрахованных граждан - к пакету медицинских услуг в рамках пакета страховой медицины.

В ходе прикрепительной кампании каждый житель страны должен проверить не только факт своей принадлежности к первичной медицинской организации, но и заявить о своей категории. Кто Вы – наемный работник, индивидуальный предприниматель, самозанятый гражданин, не имеющий официальных доходов или нигде не зарегистрированный безработный?

Все это важно выяснить сейчас, чтобы завтра не возникли трудности с получением статуса застрахованного и получением необходимой медицинской помощи.

Всю информацию об условиях участия в системе обязательного социального медицинского страхования, размерах взносов и схеме оплаты Вы можете получить в своей поликлинике, обратившись в регистратуру или к медицинскому работнику на вашем участке.

Получите консультацию о медицинском страховании в ближайшей поликлинике!

А.К. Кутжанова
Врач ЗОЖ, КГП «ЦБ г Приозерск»

КАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

Құрметті коммуналдық қызметтерді тұтынушылар!

Қазақстан Республикасының 09.07.1998 жылғы №272-І «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 7- бабының 7-3 тармағына сәйкес табиғи монополиялар субъектісі тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы жыл сайын негіздемерімен есеп беруге міндетті.

Осыған байланысты, Сіздерді жыл сайын есеп беру тыңдауы «Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК-да 2017 жылдың 28 сәуірінде сағат 16:00-ге белгіленгенін хабарлаймыз.

Приозерск қаласының «КТҮҚКБ» КМК-ны

Уважаемые потребители коммунальных услуг!

В соответствии пп.7-3 ст.7 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях и регулируемых рынках» от 09.07.1998 г. №272-І субъекты естественных монополий обязаны ежегодно отчитываться о деятельности по предоставлению регулируемых услуг перед потребителями.

В связи с чем, уведомляем Вас о предстоящем проведении ежегодного слушания, назначенного в здании КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достық» г.Приозерск» 28.04.2017 г. на 16:00 часов.

КГП «УЖКР» при Акимате г.Приозерск

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!

2017 жылдың 24 сәуірінде сағат 15.00-де Приозерск қаласы әкімі аппаратының акт залында Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық Кеңесінің 2017 жылға жоспарланған жолдарды жөндеу, саябақтар мен аулаларды көркейту мәселесі бойынша кезекті отырысы өтеді.

Кеңес отырысына қала тұрғындарының белсенді қатысуын сұраймыз. Отырыс барысында аумақтық маньзы бар мәселелер, абадандыру сұрақтары бойынша, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсыныстарды енгізулеріңізге мүмкіндік бар.

Қажетті ақпараттар алу үшін 5-41-97 телефонына хабарласуларыңызды сұраймыз.

Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық Кеңесінің төрағасы Сахалов М.К.

Уважаемые жители города Приозерск!

24 апреля 2017 года в 15.00 в актовом зале аппарата акима города Приозерск состоится очередное заседание территориального Совета местного самоуправления по городу Приозерск по обсуждению вопроса о планируемых объемах и работах по благоустройству дворов, скверов, ремонту дорог и улиц на 2017 год.

Просим жителей города принять активное участие в очередном заседании, где можете внести свои предложения по вопросам территориального значения, а также по вопросам благоустройства, жилищно-коммунального хозяйства и профилактике правонарушений.

О получении необходимой информации обращаться по телефону 5-41-97.

Председатель территориального Совета местного самоуправления по городу Приозерск Сахалов М.К.

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!!!

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, ағымдағы жылдың 1 сәуірінен 27 мамыр аралығында, Приозерск қаласы бойынша «Үлгілі аула» атты байқауы өткізілуде.

- Үздік подъезд
- Үздік үй

Соған байланысты қала тұрғындарынан байқауға белсенді қатысуларыңызды және құптау үшін ақпараттар мен фотосуреттерді Приозерск қаласының «ТҮҚШ, ЖҚАЖ және ЖИ» бөліміне берулеріңізді сұраймыз.

Байқау шешіміне байланысты белсенді қатысушылар мен үй жетекшілері марапатталады. Байланыс телефоны 5-54-10, 4 каб.

Приозерск қаласының «тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі»

Уважаемые жители города Приозерск!!!

Во исполнение поручение Акима города с 1 апреля по 27 мая текущего на территории города Приозерск проводится конкурс «Образцовый двор»

- Лучший подъезд
- Лучший дом

В связи с этим просим всех жителей принимать активное участие, для подтверждения просим вас давать информацию и прилагать фотографии в Отдел «ЖКХ, ПТ,АД и ЖИ» г. Приозерск кабинет №4 в здании Акимата, тел.5-54-10.

По итогам конкурса будет организовано награждение старших домов и активных участников конкурса.

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильной дороги и жилищной инспекции г. Приозерск»

НА ПРАВАХ РЕКЛАМЫ

Ваша финансовая свобода и успех начинается здесь!

Приглашаю к сотрудничеству заинтересованных лиц в рамках деятельности казахстанской компании «G-Time Corporation».

Гарантированный доход! Здоровье, успех, авто и жилищная программы! Минимальное вложение средств. Без продаж и ежемесячных вложений.

Вашему вниманию продукция из уникального шунгитового минерала! Вся продукция сертифицирована. Оказывает оздоравливающее воздействие по более 50-ти видам кожных заболеваний (все виды аллергии, псориаз, экзема, грибок, ветелига, лешманиоз, геморрой, угревая сыпь, пигментация и многое др.).

Заинтересованных лиц обращаться по телефону: +77759296440 (Whatsapp), 87051195578

УЛЫБНУЛО

- Пап, а сколько до Америки лететь?
- Минут двадцать, сынок.
Мама из кухни: - Он тебя про самолет спрашивает, а не про

твой "Тополя"!..

В Венеции, если вы переплываете улицу на красный свет, у вас на месяц отбирают плавки!

Нарисовал себе усы и пришел на работу. А женщины с нарисованными бровями решили, что я не в себе.
Где логика?

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 16/504. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.